

“Астана медицина университеті” АҚ
Акушерия және гинекология кафедрасы



Презентация

Тақырыбы: Гинекологиялық аурулар семиотикасы.

Орындаған: Аралбай Р. 435 ЖМ

Қабылдаған: Актанова В.И

Астана 2017



- Семиотика – ауру белгілерінің немесе көріністерінің оқу және баға беруді үйрететін диагностиканың маңызды бір бөлімі болып табылады. Дұрыс диагноз қою үшін тек мұқият субъективті және объективті тексеру арқылы аурудың барлық симптомдарын анықтау ғана емес, және де әр анықталған симптомның диагностикалық мәнін дұрыс бағалай білу қажет.

Семиотика науқасты толық сұрастыру және клиникалық, лабораториялық, функциональді зерттеу әдістерін, аурудың әр түрлі симптомдарының пайда болу механизмдерін және де шақырған себепке байланысты аурудың көріністерінің ерекшеліктерін оқытады.

- Ауру сырқаттарын мұқият зерттеу және дұрыс талдауды анамнез мәліметтерімен және объективті зерттеумен сәйкестендіру дәрігерге тез арада дифференциалды диагноз жүргізуге мүмкіндік береді. Басқа да зерттеулермен бірге семиотика аурудың ауырлығын және дұрыс анықтауының негізі болып табылады, және бұл ауруға ем тағайындауда, егер симптомдардың динамикасының өзгерістері болса оны бақылауда өте маңызды рөл атқарады.






- Көп науқастар дәрігер тексеру кезінде бір нәрсені жасырып отыр деп күдіктеніп, тексеру барысында және одан кейін де дәрігер бет әлпетіне, мимикасына, мінез-құлқына мұқият қарап не жасырып отырғанын білгісі кеп отыратынын естен шығармау керек. Сол үшін науқас қандай жағдайда болмасын ұқыпсыздық танытуға болмайды.

Ең алдымен науқастың дәрігерге қандай шағымдармен келгенін тыңдап, сосын анамнезді толық жинап болған соң тексеруге кіріскен жөн.






- Егер науқас әртүрлі шағымдармен келсе, бұл шағымдардың барлығы аурудың симптоматикасын сұрыптауда көмектесе бермейді. Кейбір жағдайларда бұл ауруға тән емес симптомдар болуы мүмкін немесе бұл симптом басқа да ауруларда кездесуі мүмкін, сол үшін анамнезді дұрыс жинау керек. Ең алдымен науқас шағымдары, сосын ауру анамнезі (anamnesis morbi), сосын өмір анамнезі (anamnesis vitae). Бұл үшін дәрігер науқасты жылы сөздермен қарсы алып, уайымын басып, жан дүниесін аша білуі қажет.




Гинекологиялық аурулардың негізгі шағымдары



- Ауырсыну: орналасу орны, сипаты, ұзақтылығы, қашан басталды, қалай басталды, немен байланысты және т.б
- Етеккірдің өзгерістері: ырғағының бұзылысы, қан жоғалтудың көлемінің бұзылысы, ұзақтығы, интенсивтілігі, ауырсынулығы, қосымша қанды бөлінділер, ырғақсыз қан кетулер, тоқтап қалуы, және осыған әкелген факторлар
- Әртүрлі бөлінділер: түсі, көлемі, сипаты, иісі және неден пайда болды
- Басқа да шағымдар: бедеулік, түсік тастау, жыныс ағзаларының түсуі, қышыну, сыртқы жыныс бөлімдерінде ісіктердің пайда болуы және т.б



- Көршілес мүшелердің бұзылыстары:
 - Несеп шығару жүйесі: ауырсыну, несеп шығаруда сыздау немесе ауырсыну, жиі зәр шығару, несепті ұстай алмау, зәрде қан немесе іріңнің пайда болуы.
 - Ішек жағынан: іш қату, іш өту, дефекация кезінде ауырсыну, шырышты, іріңді немесе қанды бөліністер және т.б
- Жалпы шағымдары: өзін нашар сезіну, көңіл-күйінің болмауы, арықтау немесе семіру, бас ауыру, ұйқысыздық, есте сақтау қабілетінің әлсіреуі, жүрек қағу, бас айналу т.б




Ауру анамнезі



- Бұл ауру қашан және қалай басталды: физикалық жүктеме, жарақат, суық тию, жыныстық қатынас, оперативті араласу, аборт, босану, басқа да бір көршілес органның ауырсынуы, жан дүниелік күйзеліс, өмір шартының өзгерісі, жұмысындағы қиындықтар және т.б
- Қосымша көріністер (көршілес органдар, іш астар, температураның жоғарылауы)
- Емшаралар және олардың нәтижелері

Өмір анамнезі



- Тұқымқуалаушылық: ата анасы туралы ақпарат, олардың жасы, жұмысы, басынан өткерген аурулары, туысқандары, үйде нешінші бала, үй ішінде ісікпен ауырған адам болды ма, жан дүниелік аурулар, даму ақаулары т.б
- Ерте балалық шақта: өмірінің жалпы шарттары туралы, тамақтануы, және басынан өткізген аурулары, асқынулары.
- Жыныстық жетілу кезінде: етеккірдің пайда болу уақыты және оның сипаты (ырғақтылығы, ұзақтылығы, ауырсынулығы, жоғалтатын қан көлемі)
- Репродуктивті кезеңде: Жыныстық өмірдің басталу уақыты, нешінші босану, түсік болса өздігінен немесе әдейі, жүктілікке қарсы шаралар жүргізілді ма, тұрмысқа шыққан соң етеккір өзгерістері, бөліністер болды ма сипаты, жыныс мүшелерінің аурулары: неден пайда болды қашан және қалай, ұзақтылығы, қайта пайда болды ма, емі және оның нәтижесі, көршілес органдардың аурулары
- Ауыспалы жылдар (климактерий): етеккірдің дұрыс болмауы қашан басталды, немен байланысты және қаншаға созылды, қандай да бір бөліністер болды ма, «Явления выпадения» (сипаты, интенсивтілігі, ұзақтығы), менопауза қашан басталды, нервтік-психикалық көріністер
- Постклимактериялық кезең: Бөлінділердің пайда болуы, жыныс мүшелерінің төмен түсуі, қышыну, семіру немесе арықтау; Гипертониялық ауру, қант диабеті және т.б

- Субъективті зерттеудің маңызды жерлеріне тоқталсақ:



Жасы. Әйелдің жасы ерекше маңызды, өйткені бір симптомды әр түрлі жаста пайда болуына байланысты әртүрлі баға береміз. Сосын біз отбасылық жағдайын бағалап, тұрмыстық жағдайы мен жұмысын сұраймыз.

Профессиясы. Жұмысы туралы ақпарат та маңызды ақпараттар қатарына жатады.

Дұрыс емес тамақтану. Кей жағдайларда Е витаминінің жетіспеуі салдарынан түсік тастау қаупі болатындығын ескерген жөн.

Бұрын ауырған аурулары. Қызылша, қызамық, жәншау, күл, дизентерия, холера, т. б аурулар жыныс мүшелерінің дамуында ақаулар тудыруы мүмкін.